



Исх. № 247 от 21.11.2025, Вход № 4844 от 21.11.2025

№ \_\_\_\_\_

Орал қаласы

город Уральск

**Ақжайық ауданы Чапаев ауылы аумағында орналасқан орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін елді мекен санаты жерлеріне ауыстыруды мақұлдау туралы**

Қазақстан Республикасының Орман кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 18-02/45 «Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру қағидасын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру мақсатында Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақжайық ауданы Чапаев ауылы аумағында орналасқан жалпы көлемі 77,6 гектар орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін елді мекен санаты жерлеріне ауыстыру мақұлдансын.

2. Ақжайық ауданының әкімдігі, «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» және «Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемелері осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы түпкілікті шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне жолдансын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Ш.Айтмұхамбетовке жүктелсін.

**Облыс әкімі**

**Н. Төреғалиев**




**Кеңсе қолтаңбасы**

21.11.2025 10:11 ДАРИСОВ АЛТАЙ

**Көшбасшының қолтаңбасы**

21.11.2025 10:12 ДАРИСОВ АЛТАЙ



<b>Құжат түрі</b>	Кіріс құжат
<b>Номер и дата документа</b>	№ 4844 от 21.11.2025 г.
<b>Организация/отправитель</b>	АППАРАТ АКИМА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
<b>Получатель (-и)</b>	УПРАВЛЕНИЕ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ И РЕГУЛИРОВАНИЯ ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
<b>Электронные цифровые подписи документа</b>	 Государственное учреждение "Аппарат акима Западно-Казахстанской области" Көшбасшының қолтаңбасы: ДАРИСОВ АЛТАЙ MIIISOQYJ...x2YMwQg== Время подписи: 21.11.2025 10:12
	 Государственное учреждение "Аппарат акима Западно-Казахстанской области" Кеңсе қолтаңбасы: ДАРИСОВ АЛТАЙ MIIIScAYJ...Ku9CPDQw= Время подписи: 21.11.2025 10:11
	 ЭЦП канцелярии: Утешева Фариза Есимжановна без ЭЦП Время подписи: 21.11.2025 12:03



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.